

## Сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 11 қаңтар 1995 ж. N 2021. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін одан әрі ырықтандыру, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілеріне тең жағдай жасау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерінің сыртқы сауда қызметін, оның ішінде делдалдық қызметі экспорты мен импортының тізбесі мен субъектілерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті анықтайтын стратегиялық маңызды ресурстардың экспорты мен импорты жөніндегі мәмілелерден басқасын жүзеге асыруға құқығы бар деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті: квоталау мен лицензиялауға жататын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) номенклатурасын қысқартсын; тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің, оның ішінде мемлекеттің халықаралық міндеттемелері, үкіметаралық келісімдер және стратегиялық маңызды ресурстар бойынша, экспорты мен импортының тәртібін анықтасын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, банкілердің Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізудің сәйкестігі мен тиісті төлем қаржыларының келіп түсуін бақылап отыруына мүмкіндік беретін сабақтас кеден мен банк бақылау жүйесін республикада енгізу туралы ұсынысты бір айлық мерзімде табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ерекше жағдайларда, экспортерлердің экспортқа шығарған өнімдері үшін кеден бажын төлеуі жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасы бойынша проценттерді төлетіре отырып салық кредиті шарты негізінде, өнімді жөнелткен датасынан бастап 3 айға дейінгі мерзімге өкілетті банкілердің кепілдігінен кейінге қалдыру құқығы берілсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Экономиканы тұрақтандыру және нарықтық өзгерістерді жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25 қаңтардағы N 585 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1992 ж., N 2, 26-бап)

I-тармағының бірінші абзацы;

"Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30-шілдедегі N 1311 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1993 ж., N 26, 316-бап);

"Төлем құралы ретінде теңгенің пайдаланылуын ұлғайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 4 ақпандағы N 1544 Жарлығы I-тармағының соңғы абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1994 ж., N 6, 61-бап);

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30 шілдедегі N 1311, 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1498 және 1499 Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1672 Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1994 ж., N 19, 186-бап).

5. Осы Жарлық 1995 жылғы 1 ақпаннан бастап күшіне енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*